

**Географиядан республикалық олимпиаданың
Облыстық кезеңі
2023/2024
9 сынып
II тур**

Жазу уақыты: 3 сағат (180 минут).


Бұл тур 10 балдық 6 тапсырмадан тұрады.

Барлық жауаптар жауап бланкілеріне жазылу керек.

А бөлімі. Ертіс өзенінің гидрографы

А1 сызбасында (төменде) Ертіс өзенінің гидрографының орташа жылдық көрсеткіштері берілген.

1, 2 және 3 сандарымен Ертістің қоректену түрлері көрсетілген.



А1 сызбасы. Ертіс өзенінің гидрографы.

1. **Оу осі бойынша өлшенетін шаманы** атаңыз және оған анықтама беріңіз. [1.5]

2. Ертістің 1, 2 және 3 нөмірленген қоректену түрлерін атаңыз. [1.5]

3.1 1-ші қоректену түрінің орташа жылдық таралуының **бір** себебін атаңыз. [0.5]


3.2 1-ші қоректену түрінің максималды мәнінің орналасуына жаһандық жылындың **бір** әсерін анықтаңыз. [1]

4.1 Неліктен 2-ші қоректену түрі шілде мен қыркүйек айлары аралығында максималды мәнге жететінін түсіндіріңіз. [2.5]


4.2 2-ші қоректену түрінен алынатын су мөлшерін азайтуы мүмкін адамның іс-әрекетінің **екі** мысалын келтіріңіз, ол 2-ші тамақтану түрінен алынған су мөлшерін азайтуы мүмкін. [1]

4.3 **Сіз таңдаған адам іс-әрекетінің екі мысалы** 2-ші қоректену түрінен алынған су мөлшерін қалай азайтатынын сипаттаңыз. [2]

B бөлімі. Жасыл экономика




1. Жоғарыдағы диаграммада энергияның қандай түрі бейнеленген? [1]
2. Бұл энергия көзін пайдаланудың бізге таныс басқа энергия көздерінен қандай артықшылығы бар? Қандай кемшіліктері бар? Артықшылығы мен кемшілігін түсіндіретін 4 дәлел (аргумент) келтіріңіз (әрқайсысы үшін кемінде 1 дәлел) [4]
3. Қазақстанның қай облысында энергияның осы түрінің өндірісін орналастыру тиімді болар еді? Жауабыңызды міндетті түрде дәлелдеңіз. [3]
4. Төменде сізге 4 елдің: Бахрейн, Норвегия, Сингапур және Оңтүстік Суданның 1990 жылдан 2020 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінен энергия тұтыну кестесі берілген (жалпы тұтынған энергиядан %). Кесте мен елдерді сәйкестендіріңіз: [2]



C.




D.



С бөлімі. Тау жыныстарының айналымы

Тау жыныстарының айналымы – геологиядағы жер қыртысының материялары - тау жыныстарының түрлері, шөгінділер мен магма арасындағы барлық негізгі өзара әрекеттесулер мен өзгерістерді сипаттайтын негізгі ұғым.

Сізге тау жыныстарының айналымының толық емес схемасы берілген. Осы тапсырмадағы сұрақтарға жауап бере отырып осы схеманы толтыруыңыз қажет.



С1 сызбасы. Тау жыныстарының айналымының толық емес схемасы.

1. Сөйлемдердегі бос орындарды толтырыңыз: [3]

1.1 (.....), мантиядан жер қыртысына еніп, қатып (.....) айналады.

1.2 Эрозия мен үгілу тұтас(бүтін) тау жыныстарын бұзып, оларды (.....) айналдырады.

1.3 (.....) мен (.....), үлкен тереңдікте балқу нүктесіне жетіп, (.....) айналады.

2. Метаморфтық тау жыныстары қалай түзіледі? [2]

3. Қандай процестер шөгінділерді шөгінді тау жыныстарына айналдырады? Шөгінді тау жыныстарының бір мысалын атаңыз. [2.5]

4. Тапсырмадағы ақпаратты және өз біліміңізді пайдалана отырып, тау жыныстарының айналымының схемасында барлық негізгі айналу(превращение) жолдарын стрелкамен көрсетіңіз. [2.5]

Тапсырманы тек жауап парағында орындаңыз.

D бөлімі. Өндірісті орналастыру факторлары

Формальды түрде өндірістің орналасуын анықтайтын негізгі 6 фактор бар:

- Шикізаттың
- Отын/Энергетикалық
- Транспорттық(көлік)
- Еңбек ресурстары
- Тұтынушылық/Нарықтық
- Экологиялық

1.1 Экономиканың бірінші(бастапқы) секторының салаларын орналастырудың негізгі факторын атаңыз. [0.5]

1.2 Неліктен экономиканың бірінші(бастапқы) секторындағы салаларының орналасуын көбінесе осы фактор ғана анықтайды, ал экономиканың екінші секторындағы салалардың орналасуы бір мезгілде көптеген факторларға негізделетінің түсіндіріңіз. [2]

2. Төмендегі шаруашылық түрлері экономиканың қай секторына жататынын сандармен көрсетіңіз: [2.5]

- Бастапқы алюминийді балқыту
- Телефондарды жөндеу
- Боксит өндіру
- Телефондарды сату
- Телефон сататын дүкеннің құрылысы

3. Қазақстандағы келесі салалар үшін өндірістің орналасу факторларын атаңыз [4]:

3.1 Павлодар алюминий зауыты

3.2 Ақтау пластмасса зауыты

3.3 Рахат-Шымкент

3.4 Ақтөбе ферроқорытпа зауыты


4. Экономиканың үшінші секторы өндірістерінің орналасуын қандай фактор анықтайды? Себебін түсіндіріңіз. [1]

Е бөлімі. Дюна(құмтөбе) және желдер

1. Дюна(құмтөбе) дегеніміз не? [1]

2. Бархан мен дюнаның(құмтөбе) айырмашылығын анықтаңыз. [0.5]

Бархандар қатты басым желдің әсерінен Е1 схемасындағыдай тән пішінді құрайды.



Е1 схемасы. Барханның схемалық бейнесі.

3. Е1 схемасында желдің бағытын көрсетіңіз (жауап бланкісіне румб(бағыт) жазыңыз). [0.5]

Ортақ түзілу процесі бар шөлді жергілікті желдердің тұтас тобы бар. Бұл топқа харматтан, хамсин, құрғақ жел, сирокко, самум және басқа да белгілі жергілікті желдер кіреді.

4. Жоғарыдағы тізімнен шөлді жергілікті желдердің пайда болуын көрсететін аннотацияланған схеманы сызыңыз. [2]

Әнші бархан(құмтөбесі) — ашық түсті құмдардан тұратын тау, ұзындығы 3 км-ге дейін және биіктігі 150 метр болады. Бархан Жетісу Алатауының жоталары арасындағы орналасқан.



Е2 схемасы. Әнші бархан(құмтөбе).

5.1 Әнші бархан қай ұлттық саябақта орналасқан?? [1]

5.2 Бірегей дыбыс әсерінің себебі неде екенін түсіндіріңіз. [1]

Шөлдегі жел маңызды рельеф түзушінің рөлін атқарады. Шөлдік рельефті қалыптастыратын жел эрозиясының екі негізгі түрі бар - **дефляция** және **коррозия** (жел абразиясы)



Е3 схемасы (сол жақ). Цуген бедер пішіні (Zeugen), Қытай.

Е4 схемасы (ортада). “Пустынная мостовая”. Патагония, Аргентина.

Е5 схемасы (оң жақ). “Пустынная мостовая” (жақыннан). Антарктика.


6.1 Е3 схемасында жел рельеф пішінін қалай қалыптастырғанын түсіндіріңіз.

6.2 Желдің Е4 және Е5 схемаларындағы сияқты шөлдерге тән тасты беттерді(жабындыны) қалай қалыптастыратынын түсіндіріңіз.


Секция F бөлімі. Мемлекеттік шекаралардың формалары

Мемлекеттің шекарасының формалары – шағын (компактная), ұзартылған (вытянутая), шығыңқы (выступающая), бөлшектелген (фрагментированная) немесе тесілген/ойықталған (перфорированная) – оның бірегейліне, ішкі басқаруына және көршілерімен қақтығыс ықтималдығына әсер етеді.


Сізге шекаралардың әртүрлі формалары бар 5 ел ұсынылған. Сөздер-елдердің нөмірлерін тиісті формаларымен байланыстырып, сондай-ақ олардың атаулары мен астаналарын анықтауларыңыз қажет. Сонымен қатар, шекара формасы ұқсас басқа елдің **бір мысалын** ұсыну қажет.



1-ші ел




2-ші ел



3-ші ел



4-ші ел



5-ші ел

Мемлекеттік шекаралардың формалары	Ел номері	Ел атауы	Астанасы	Басқа мысал
Шағын (компактная)				
Ұзартылған (вытянутая/elongated)				
Бөлшектелген (фрагментированная)				
Шығыңқы (выступающая/protruded)				
тесілген/ойықталған (перфорированная)				

Барлығы 60 балл

Сәттілік тілейміз!